ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін
СІҚБЖ вице-президенті
_____ Аманиязова Г.Д.
«____» _____ 2021 ж.

YESSENOV
UNIVERSITY

Тәлімгерлердің қызметтік нұсқаулығы

Ақтау 2020

КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру жүйесін ұдайы жетілдіру – мемлекеттің басты басымдықтары болып табылады. Ш.Есенов атындағы КТИУ университетіндегі тәрбие жұмысының стратегиясы, университет білімгерлерінің қоғамда жеке тұлға болып қалыптасуына басымдық береді.

Қазіргі таңда қоғамда тұлғаның тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес, қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Білімнің тиімділігі мен сапасы тәрбиелеу мен оқыту үдерістерінің өзара әрекеттесуіне байланысты.

Білім беру жүйесінің басты міндеті болып жеке тұлғаның ұлттық және адами құндылықтарды бойына сіңіріп қалыптасуы мен кәсіби жетілуіне дұрыс бағыт бағдар жасау, білімгердің білімі мен қатар шынайы тәрбиені (ана тілі, салт дәстүр, салауатты өмір сүру және құқықтарын қолдана білуді) ұғындыру. Көнеден келіп жеткен мына тәмсіл; «артында мейірімді, қайырымды, ізгі, бауырмал ұрпақ қалдырғың келсе, ол жастан қайыр күтем десең, онда тәрбие арқауын шират» деген. Адами әлеуетімізді арттыру мақсатында жастар тәрбиесіне қатысты жауапкершілік жыл өткен сайын артуда.

Университет оқытушылары/тәлімгерлері әрбір білімгерге ұлттық рухта тәрбие беріп, сан ғасырлық халқымыздың біріктірген мол адами мұрасы мен озық мәдениетін келешектің маман жастарының бойына сіңіре білсе, өмірге деген көзқарас құлшынысын ашса, дүние танымын, мінез-құлқын үйлесімдікке жеткізсе, тәрбиенің бірлігі/ұтқаны деп білеміз.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының (ҚР) азаматы ретінде білім алушыларды тәрбиелеудің тұтастығы жөніндегі мемлекет саясатының бағыты, ҚР этномәдени білім беру тұжырымдамасы, ҚР білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы, ҚР білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасы, ҚР азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу бағдарламасы нысанға алынды.

Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы (әрі қарай – Тұжырымдама) Ш.Есенев атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің (КМТИУ) тәрбие саласындағы саясатының жалпы стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін,тәрбиелеу мазмұны мен техналогиясын,оның негізгі бағыттарын және іске асыру шарттарын айқындайтын құжат болып табылады.

Айрықша білім беру сабақтан тыс педагогикалық іс-әрекеттің жеке элементі емес, оқытудың және дамудың жалпы процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің қажетті органикалық компоненті болуы керек.

Осы Тұжырымдаманың ережелері университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, профессор-оқытушылық құрамының, оқу-көмекші қызметкерлерінің және университет жұмыскерлерінің және университет жұмыскерлерінің тәрбие ісіндегі жетекші құралы ретінде қолданылады.

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тұжырымдаманың нормативтік негізін Қазақстан Республикасының төмендегі стратегиялық құжаттары құрайды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сындарлы Қоғамдық Диалог – Қазақстанның Тұрақтылығы мен Өркендеуінің Негізі, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты Қазақстан халқына жолдауы
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-Қимыл Кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауы

5. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан стратегиясы – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде,бір болашақ атты қазақстан халқына жолдауы
6. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
7. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТ/МІНДЕТІ

Қазақ халқы шалқайса – тарихи шыңы бар, еңкейсе – мың сан халқы бар ел. Топты жарған шешені, көпті көрген көсемі, қамал бұзар батыры, бес жұртқа билік жүргізген ханы, қайратты да қасиетті жұрты бар, шежіреден ауытқымай осы күнге дәл жеткен Тәуелсіз елі бар халық. Мемлекет білім мен тәрбиені қатар алып, әлемдік интеграцияға еркін араласып, көп векторлы саясат ұстануы, өз ақиқаттығын өзі анықтап дөп басуы да тәрбиенің қалыс қалмауынан. Өз кезегінде ЖОО-мыз мемлекетіміздің салып берген тәрбие саласынан шет қалмай, білімгерлеріміздің ар-намыс, адами құндылықтарын арттыру мақсатында төмендегідей тәрбие жұмыстарына көңіл аударады.

Тәрбие жұмысы

- Нақты үде мен мақсатқа жетелеу, құндылықтардың жаңа туынды/әрекеттерге жол ашатынын және мақсатқа жігер беретінін түсіндіру,
- Білімгер жас ұрпаққа халқымыздың бір туар азаматтарының саналы ғұмырын ұлт мүддесін ұлықтауға, жоғын жоқтаған, мерейін асырған Маңғыстаулық Ел ағасы тұлғалардың ғибратты өмір жолдарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу,
- Білім алушы білімгерлерге патриоттық және азаматтық сананың жоғары деңгейін қалыптастыруға, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін жүзеге асыруға бағытталған ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту,
- Жалпы адамзаттық және отандық құндылықтар негізінде рухани дамуға жағдай жасау,
- Білімгерлердің арасында коорпоративті рухты көтеру,
- Білімгерлерді елімізге қауіпті діни және саяси бірлестіктерден алшақ ұстау мақсатында сапалы білім беру идеясын насихаттау
- Білімгерлерге өмірде өз орнын табуға, кәсіби қалыптасуына көмек көрсету.

Тәрбиелеудің мақсаты

- Университетте тәрбие жүйесінің жаңа моделін жасау,
- Білімгерлер арасында «Есенов рухы» қалыптастыру мақсатында ортақ рухты жаңғырту және құндылықтар мен тарихты білімгерлердің есіне салып отыру,
- Әлеуметтік және саяси сауаттылықты қалыптастыру,
- Мемлекеттік саясатты қолдауды қамтамасыз ету,
- Жастар арасында деструктивті саяси идеялардың таралуына жол бермеу,
- Патриотизм, азаматтық, төзімділік, рухани – өнегелік, белсенді тұлғаны қалыптастыру,
- Әлеуметтік – экономикалық, саяси – құқықтық жағдайларды жасау және стратегиялық басымдылығын анықтау,
- Бұқаралық спортты дамыту, спорттық әуесқой жарыстарға қатысу, студенттердің бос уақыттарында спорттық шаралар ұйымдастыру,

- Жастардың шығармашылық және танымдылық істерге араласуға дайындығын, өзін-өзі көрсете білуі үшін білімділік пен социалды кеңістігін қамтамасыз ету,
- Жастар арасында волонтерлік берндін танымал ету аясында білімгерлердің волонтерлік қозғалысын қалыптастыру,
- Серіктестік қағидаларын заңнамалық тұрғыдан үйрету,
- Қазақстанда тұратын халықтардың дәстүрлері мен мәдениетіне, өнері мен дініне құрметпен қарау,
- Ата-анасын сыйлайтын және бағалайтын, туған жерін, Отанын сүйетін, қазақ халқының тілі мен тарихын һәм мәдениетін ардақтап бағалайтын, халықтар достығы мен елдің бірлігін нығайтатын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбек ете білетін, мемлекеттік және шет тілдерді меңгерген, сапалы білім алған азамат тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері

- Әрбір білімгердің білімі мен тәрбиесі, адами құндылықтарына баға беру үшін алдымен өз факультетіңіздегі білімгерлерді жақын тану,
- Университеттің жалпы мақсаты тәрбие жұмысын жан-жақты жүргіп білімгерлердің белсенділігін арттыру.
- Университет өмірінде тәрбие жүйесін дамытуға қажет қазақ халқының ұлттық, отандық және жаһанданған әлем мәдениеті құндылықтарына негізделген нормативтік базасын құру,
- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға;
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Университетте көпмәдениетті орта құруға ықпал жасау, қоғамда жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның күнделікі өмірдегі және өнердегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға даярлығын дамыту;
- Жеке тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлау қабілетін және өзінің кәсіби қалыптасуы мен жетітілуіне саналы көзқарасын қалыптастыру, табиғатты қорғауда белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, экологиялық сауаттылығымен мәдениетін жоғары деңгейде дамыту;
- Шығармашылық ойлау қабілеттерінің ашылуына, зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктерінің, көшбасшылық қабілеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Құндылық – көпшілік адамдардың құптайтын және ортақ жақсылық, әділеттілік, отансүйгіштік, жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық нысандар. Ол барша азаматтарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педогогикалық үдеріс бағыттайды,

Адам – абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық танымының өлшемі», Отанымыздың ең жоғарғы құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы,

Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, аса маңызды әлеуметтік-мәдени құндылық,

Отан, туған өлке – тағдыр берген, ата-бабасынан қалған, өз халқының мәдени, рухани мұрасымен, оның өткен тарихымен байланыстыратын әр адамның теңдесіз, бірегей туған жері,

Денсаулық, салауатты өмір салты – адам баласына берілген нығметтердің ішіндегі ең оқ бойы алда тұратын бақыты, адамзат денсаулықтың қадірін ауырмай тұрып қастерлеп қадыр тұтуы тиіс.

Білім – әрбір жеке тұлғаның немесе барша әлеуметтік прогрестің дамуы үшін алдымен білім қажет. XXI ғасырдың жоғары сапалы және қажетті дағдыларға ие адами капитал мен Қазақстан әлеуетін арттырудың басым міндеттерінің бірегейі тәрбиемен сусындалып берілген білімнің адам баласына орасан зор пайда әкелерін атап өткен әл-Фараби және т.б. ғалымдардың трактаттарын арқау етсек, оқудың нәтижесі – білім, мақсатқа жетудің құралы. Сайып келгенде өзіндік таным, құндылық, ынта, бірізді болу, әдеп, жетістік, үйлесімді өмір және әлемді өзгерту

ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК КОМПОНЕНТІ

Білімгерлерімізді қазіргі қоғамда өмір сүруге дайындау мен бейімдеу, отансүйгіштік адами қасиеттерін қалыптастыру университет қабырғасында оқытылатын барша мамандықтарды оқыту барысында жүзеге асырылады. Сонымен қатар білімгерлер әлеуметтік құрамымен, жасымен ерекшеленетін, нақты сипаттамаларға ие мобильді әлеуметтік топ. Білімгерлік өмір салтының ерекшелігі де белсенді қарым-қатынас, жеке тұлғаны қарқынды дамытуға қолайлы жағдай тудыратын орта екенінде ұмытпауымыз керек.

Осы функциялардың орындалуы барлық факультеттерге жүктеледі.

- жалпы және кәсіби мәдениетті, ғылыми көзқарасты, білім алушылардың жан-жақты дамыған, университетте оқуды аяқтағанда әлеуметтік өмірге сіңісіп кете алатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін біліммен қамтамасыз ету,
- Рухани жаңғыру кеше бүгіннен басталған жұмыс емес, сан ғасырлар қойнауынан адам баласының ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық тұтастық/бірегейлік, сана зеректігін мен білімнің салтанат құруын қалағаны белгілі. Білімгерлерге Рухани тұрғыдан дұрыс бағыттар беру,
- тұлғаның дамуына, жас мамандарды даярлауға, салауатты өмір салтын дамытуға қатысты мәселелер бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу,
- мамандық пәндері мен қосымша білім беруде, оқудан тыс іс әрекеттерге жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру,
- «Мәңгілік Ел» жобасы аясында байқаулар, Елтаңба, Ту/Әнұран, Мемлекеттік тіл, қазақ халқының рухани мәдениеті мен дәстүрін, тарихын үйрету барысында семинар, апталық және өлкетанулық танымдық панелдер ұйымдастыру.

Оқудан тыс тәрбие жұмысы

Білім алушылармен оқудан тыс жүргізілетін тәрбие жұмысы, ең алдымен, кәсіби маманды – рухани дамыған, дені сау тұлғаларды дайындау сапасын арттыруға, олардың жаңа ұжым мен жаңа экономикалық жағдайларға бейімделу дағдыларын қалыптастыруға, әрбір адамның бойында саналы азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, адамгершілік және мәдени құндылықтарды сақтауға және көбейтуге бағытталады.

Оқытылатын пәндер бойынша оқудан тыс тәрбие қызметімен айналысатын Тәлімгерлердің нақты мынадай жұмыстарды жүзеге асырады; бағыт бағдар қалыптастыру, жылдам жетістіктерге қол жеткізу, корпаративтік/ұжымдық мәдениетті қалыптастыру, өзгерістерге жетелейтін креативті бағыттарды ұсынуды, тақырыптық кештер, сайыстар, тиімді кинофильмдерді көру және талқылау, студенттерді ғылыми-зерттеу және пәндік үйірмелерге, конференцияларға, ғылыми оқуларға, студенттік бірлестіктер мен

мамандандырылған клубтарға, өндіріс қызметкерлерімен кездесулерге, мастер-кластарға қатыстыру және т.б.

Сондай-ақ оқудан тыс тәрбие жұмысы университеттің құрылымдық бөлімдерінің қызметі, оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық одақтары арқылы жүзеге асырылады және дәстүрлі университеттік шаралар мен кездесулермен бірге атаулы күндер мен оқиғаларға арналған іс-шараларды қамтиды.

Университетте жүргізілетін тәрбиелік бағыттағы шаралар

Қазақстан үшін Тәуелсіздіктің басты кепілі – тыныштық. Біздің халық ақын Жұбанның сөзімен жеткізсек «мың өліп, мың тірілген» ел. Қазақ Елі Тыныштықпен Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең түсініп бағалайды. «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» деп «арлылықты» алға шығарған ел. Сол арлы қалуды әуелі «ұлт-ұрпақ тәрбиесіне» көңіл бөлу арқылы қол жеткізген. Білім алып мемлекетіміздің мерейін асыратын жастарымыз арта түсуі үшін университет қабырғасындағы жастарға саналы тәрбие беру басты мақсатымыз.

- көпшілік шаралар (жалпы университеттік және факультеттік шаралар, кештер, концерттер, айсайын орындалатын тақырыптық кештер, денсаулық күні,
- құқықтық білім күні, фестивальдер, сайыстар, спорттық жарыстар, ойындар, кездесулер, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, әртүрлі деңгейдегі шаралар мен акцияларға қатысу т.б.),
- топтық шаралар (студенттік академиялық топтардағы топтық жұмыстар, кураторлық сағаттар, клубтар отырысы, экскурсиялар, мәдени және спорттық мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға бару т.б.),
- жеке, тұлғалық бағытталған шаралар (жеке әңгімелесулер, кеңестер, психологиялық тренингтер, сұхбаттасу, кездесулер, дарынды студенттермен, «тәуекел топтарындағы» студенттермен жұмыстар т.б.).

ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Тәрбие қағидасы – тәлімгер/тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдастырудың аса маңызды ережелері, Ш. Есенов атындағы КТИУ Тәлімгерінің қызметтік нұсқаулығы,

Гуманистік бағыт қағидасы – әрбір жеке тұлғаға құрметпен қарайтын оның бостандығын және әлеуметтік құқын мойындайтын гуманистік идеяны және бағытты бірінші орынға қояды,

Этникалық қағида – этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім және үйлесімдікке, қоғамдық қатынаста табысқа жетуді қарастырады,

Тәрбиенің үздіксіз қағидасы – жеке тұлға ғұмырының барлық кезеңдерінде оның жан-жақты дамуын болжайды, шығармашылық әлеуетінің үдемелі баюуын мен күш-қуаты және қабілетін толық пайдаланып, кәсіби шеберлігі мен мәдени өсуін мөлшерлейді,

Демократияландыру қағидасы – тәлімгер/тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара іс-әрекеттеріне,ынтымақтастықта және бірлескен авторлыққа негізделген жүйені шамалайды. Өзін-өзі басқару, бірлесіп басқару және жеке реттеу жүйесінің құрылымына кіретін өзара байланысты, адамгершілік рухында тәрбиелеуді қарастырады,

Вариативтілік қағидасы – білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын кең таралымды, көп үлгідегі тәрбие бағдарламаларын мөлшерлейді, білімгердің жеке тұлғалық дамуының дербес траекториясын анықтауды көздейді.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тәрбие жұмысын басқару келісілген және үйлестірілген іс-қимылдардың жиынтығын қарастырады, басқару жүйесіне мыналар кіреді:

- **әкімшілік басқару аппараты:** ректор, проректорлар, факультет декандары, университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары,
- **студенттік істер жөніндегі бөлім:** студенттік парламент, жатақханадағы студенттік кеңес.

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ НӘТИЖЕЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Университеттегі тәрбие жұмысының жүргізілу нәтижелілігі төмендегі көрсеткіштермен бағаланады:

Сандық көрсеткіштер:

- кішіпейілділік – менмендіктің емі, сіз қарапайым адам екеніңізді, білімгерлердің көмегіне мұқтаж екеніңізді мойындап, ортақ мақсат-мүдде әрі кішіпейіл қалыптан танбау,
- тәрбие жұмысының бағыттары бойынша арнайы элективтік курстар саны,
- студенттік бірлестіктер, шығармашылық әріптестіктер, спорттық секциялар саны,
- студенттік бірлестік қызметтері мен шығармашылық ұйымдарға қатысатын студенттер саны,
- мәдени-көпшілік, ғылыми және спорттық-көпшілік іс-шараларға қатысатын студенттер саны,
- білім алушылармен бірге сабақтан тыс уақытта жұмыстарды белсене ұйымдастыруға тартылған оқытушылар саны,
- тәрбие жұмысы жөнінде шығарылған ақпараттық, оқу әдістемелік құралдардың саны,
- оқу жылындағы тәрбие жұмысына жұмсалатын шығындар көлемі.

Сапалық көрсеткіштер:

- ынталандыруда креативке ерік беру, яғни білімгерлердің еңбегін бағалау,
- тәртіпті адамдар, тәртіпті ойлау, тәртіпті әрекет және жағымсыз ақпараттан жалтармау, яғни ақиқатқа қасқайып қарауға жүрексінбеуді қалыптастыру,
- қамқорлық таныту, әрдайым білімгерлермен қоян-қолтық қызмет атқару және оларға ештеңенің бәрібір еместігене көз жеткізу,
- адам баласының әлеуметтік жаратылыс екенін естен шығармай тәрбиеленушіге жақын екеніңізді, яғни достық пейілдің емдік қасиеті бар екенін байқату,
- білім алушылардың оқу және еңбек тәртібінің көрсеткіштері,
- білім алушылардың жалпы мәдени деңгейінің өзгеруі,
- ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал деңгейі, құқықбұзушылық пен адамгершілікке жат қылықтың болмауы,
- әртүрлі маңызды іс-шараларда жеткен жетістіктері мен алған жүлделер саны мен деңгей,
- адамгершілік мәдениет деңгейі,
- оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастырушылардың біліктілік деңгейі.

Нәтижелілік көрсеткіштер:

- тәрбие үдерісіндегі ақпараттарды жинақтау және талдаудағы жылдамдық,
- тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушылардың біліктілігі,
- «Түлек-ЖОО» кері байланысын орнату.

ГЛОССАРИЙ

Тәрбие- тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған үрдіс. Бұл ақырғы мақсатты қоғамға қажет және пайдалы тұлғаны қалыптастыру болып табылатын арнайы ұйымдастырылған, оқытушылар мен білім алушылардың басқарылатын және бақыланатын өзара қарым-қатынасы.

Еркіндік пен жауапкершілік қағидаларына сүйенетін тәрбие мәдениетін қалыптастыру,

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениетті тәрбие азаматтық позицияны және патриоттық сананы, құқықтық және саяси мәдениетті, кемелденген ұлттық сана-сезімді, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, гуманизмге негізделген әлеуметтік және діни толеранттылығы, қазақ халқының тіліне деген сүйіспеншілік пен құрмет, тарихы мен салтын, ең жақсы дәстүрінің өркендеуі мен сақталуын, Қазақстандық өзге ұлттардың мәдениетін жаттап игеруін және қабылдауын қалыптастыруы қажет.

Рухани-адамгершілік тәрбие сана-сезімнің дамуына жағдай жасайтын, тұлғаның этикалық принциптерін қалыптастыратын, қоғам өмірінің салт-дәстүрімен және нормаларымен келісілген моральдық сапасы мен ілімін көрсетеді.

Отбасылық тәрбие адамдар арасындағы эмоциялық және рационалдық қарым-қатынастардың әлеуметтік-тарихи тәжірибесін адамгершілік, рухани және гуманистік құндылықтардың басымдылығына тәрибелей отырып табыстауды көздейді.

Экологиялық тәрбие табиғи ресурстарға адамдардың этикалық көзқарасын және этикалық қарым-қатынасын қалыптастыру, табиғи ресурстардың жағдайына жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың табиғатпен ақылға қонымды байланысын тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие сұлулық пен әсемдік, көркемдік мәдениет, әлемдік дәуірлер мен халықтардың көркемдік құндылықтары, ұлттық және жалпыадамгершілік призмасы арқылы адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтының қалыптасуы, салауатты өмірсалтын қалыптастыруды, жас адамның тиімді қызмет етуіне қажетті психикалық төзімділікті қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттерінің орнауын мақсат етеді.

Еңбек және экономикалық тәрбие жастардың өзін-өзі қамтамасыз етудегі ептілігі мен икемін, адал ниетті, жауапкершілікті және еңбек қызметінде әртүрлі шығармашылық байланыстағы, ұжым немесе команда арасында жұмыс жасай алуы, қажетті ресурстарды мобилизациялау негізінде адамның өз еркімен белсенді және тиянақты әрекет етуі және ойын дұрыс бағалап жетілдіру, өз іс-әрекетінің қорытындыларының тиімділігін арттыруды қарастырады,

Кәсіптік тәрбие білім алушының кәсіби және жеке басының қасиеттерін (арнайы, бейінді, коммуникативтік, әлеуметтік, интеллектуалдық, персоналдық) және оның басқа да түрлерін дәстүрге және кәсіби қоғам құндылықтарына тартуды, кәсіби этика нормаларына айнымастық қасиетін айқындауды қамтиды.

Интеллектуалдық мәдениеттің өркендеуі білім алушының ой әрекетінің белсенді дамуын, ой-өрісінің нақты, тиянақты білімдермен толықтырылуын, ақыл ой қабілетінің дамуын көрсетеді.

Ақпараттық мәдениет- адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі: мақсатты, өз бетінше, жеке ақпараттық қажеттіліктерін дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оңтайлы қамтамасыз ететін, ақпараттық дүниетаным, білім және қабілет жүйесінің жиынтығы.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Университеттің осы нұсқаулық Ережесі Ш. ЕСЕНОВ атындағы КТИУ Президенті тарапынан бекітіледі,
2. Осы Ереже университеттің «**Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор**» тарапынан жүзеге асырылады,
3. Тәлімгер өз қызметінде ҚР «Білім туралы» заңын, ҚР «Еңбек Кодексін», «Университет Жарғысын», Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі вице-президент, Жастар саясаты департаменті бұйрықтары мен өкімдерін, деканның тәрбие істері жөніндегі орынбасарларының нұсқаулықтарын басшылыққа алады,
4. Тәлімгер Жастар саясаты департаменті басшысының ұсынысы мен Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі вице-президент бұйрығымен қызметке тағайындалады және босатылады,
5. Тәлімгер Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі вице-президент мен Жастар саясаты департаменті басшылығына тікелей бағынады,
6. Тәлімгер факультет декандарының тәрбие іс орынбасарлары, бөлім басшалары, куратор/мамандар, жатақхана басшылығы мен комендантымен тікелей қызмет атқарады.

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАР

1. Тәлімгер лауазымына жоғары білімі бар және тәжірибелі тұлға тағайындалады.
2. Тәлімгер – ҚР «Білім туралы» заңын,
3. ҚР «Еңбек Кодексін»,
4. Ш. ЕСЕНОВ атындағы КТИУ тәрбие жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру ережесін,
5. Мемлекеттік жастар саясатының негіздерін,
6. Іс-қағаз жүргізу ережелерін, қолданушы деңгейде компьютерде жұмыс істеуді,
7. Университет Жарғысы, еңбекті ұйымдастыру негіздерін,
8. Қызметтік этика, еңбекті қорғау нормалары мен тәртібін,
9. Университеттің ішкі тәртіп ережесін,
10. Және осы қызметтік нұсқаулықты білуі тиіс.

МІНДЕТТЕРІ

1. Ш. ЕСЕНОВ атындағы КТИУ факультеттері мен жатақхананың әлеуметтік тәрбие жұмыстары бойынша жылдық және кешендік жоспарын құруға атсалысу және орындалуын қамтамасыз етуге,
2. Шынайы және адал ниетпен жұмыс істеуге, жұмыс орнын жинақы және таза ұстауға, университет мүлкін қорғауға, жабдықтар мен техниканы тиімді пайдалануға,
3. Университет/факультет деңгейіндегі әртүрлі әлеуметтік-тәрбие іс-шараларын ұйымдастырып өткізуге,
4. Университет білімгерлеріне жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарас қағидаларды үйретуге,
5. Білімгерлерге баламалы ой, толеранттылық, өмірге прагматикалық тұрғыда қарауға, экстремизм мен радикалды көзқарасқа қарсы иммунитет қалыптастыруға,
6. Білім беру стандарттарына сәйкес білімгер тұлғасын дамытатын тәрбиенің тиімді әдістерін ұсынуға,
7. Университет жатақханаларында «Білімгерлер кеңесін» құруға, жатақханаларда ұйымдастырылатын әртүрлі мәдени-әлеуметтік іс-шаралардың жоспарлануы мен өткізілуіне басшылық жасауға,

8. Білімгердің өмірге деген көзқарасын саналы бейімделуіне, іс-әрекетінің әлеуметтік тұрғыдан белсенді болуына, қызығушылығының әрдайым арттыруына,
9. Білімгердің білімқұмарлығын дамытып ой-өрісінің кеңейіуіне қолдау көрсетуге,
10. Білімгерлерге университеттің ішкі тәртіп ережесін ар-намысына тимей сақтауды талап етуге,
11. Қызметтік мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге,
12. Басшылық (Ректорат/деканат т.б) өкімдері мен құжаттарын білімгерлерге дер кезінде жеткізуге, уақытында орындалуын қадағалайды.

ҚҰҚЫҒЫ

1. ҚР қолданыстағы Еңбек кодексіндегі көрсетілген құқықтарды пайдалануға,
2. Келісім-шарттық және қаржылық тәртіпті бұзатын, заңға қайшы мәселелер бойынша құжаттарды рәсімдеу мен орындаудан бас тартуға,
3. Жастар саясаты департаменті қызметіне қатысты шешімдермен танысуға,
4. Факультеттердің Тәрбие ісі орынбасарлары, Бөлім басшалары, куратор/мамандар, жатақхана комендантындан өзінің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарттар мен құжаттарды талап етуге,
5. Тәлімгерлік қызметіне байланысты тәрбие саласындағы ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға, ықпалдылығын көтеруге және қызмет орындарындағы кемшіліктерді болдырмауға байланысты университет басшылығына ұсыныстар жасауға,
6. Кампус аймағында білімгерлерімізге еркін демалу мақсатында жекелеген креативті жабдықталған аумақтардың ашылын ұсынуға,
7. Факультеттер мен жатақханалардағы өткізілетін барлық іс-шараларға толық қатысады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Қызметтік нұсқаулықта көрсетілген қызметтік нормативтерді орындамағаны үшін,
2. Факультет/жатақханаларда әлеуметтік тәрбие жұмысына салғырт қарауы нәтижесінде іс-шараның төмен ұйымдастырылғаны үшін,
3. Қызметтік міндеттемелерін жүзеге асыру барысында тиісті шешімдер қабылдай алмай, әрекетсіздік танытып іс-әрекеттің қателікке ұрындырғаны үшін,
4. Техника қауіпсіздігі ережесіне бойсұнбай университетке залал келтіргені үшін,
5. Әріптестер арасында қызметтік этиканы сақтамағаны үшін,
6. Қызметтік ақпараттардың құпиялылығын сақтамағаны үшін,
7. Университет Жарғысын, қолданыстағы құқықтық актілерді, осы нұсқаулықтағы көрсетілген қызметтік міндеттерді орындамағаны үшін,
8. Қызметтік міндеттерін атқару барысында ҚР Еңбек Кодексіне құрмет көрсетпей жіберген келеңсіздіктермен қателіктері үшін.

Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КТИУ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие – Қазақстандық патриотизм тәуелсіз елдің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын маңызы бар ерекше өлшем екені даусыз. Бірақ патриотизмнің аса күрделі мәселе екендігіне қарамастан оның қазақстандық патриотизм үлгісінде елжандылық, қоғамдық дамудың сатыларына тән мәселелерін ұрпаққа жіті түсіндіруді ұдайы жалғастыру шарт.

Сайып келгенде Қазақстандық патриоттық ұстаным ол жеке тұлғаның ата мекен отанына, азаматтық, мәдени, тіл және тарихы мен ұлттық дәстүріне эмоциялық күйзелісінің айрықша түрі деуге келеді.

Әлемдік тәжірибе мен бұл орайдағы теориялық тұжырымдар аясында патриоттық сезім этнос пен ұлттық мемлекеттің қалыптасу жағдайында қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөлігіне айналуы негізінде жалпы ұлттық тынысты сипаттайды.

Еліміздің туын биікке көтерер келер ұрпақтың білімді, білікті, елжанды, жоғары мәдени, биік адамгершілік пен рухани қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу адамзат алдындағы басты міндет. ЖОО бағдарламасына сай білімгерлерге бойында белсенді азаматтық ұстанымды, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру басты назарға алынуы керек.

Әлеуметтік және коммуникативті тәрбие мәдениетін қалыптастыру

Әртүрлі ЖОО-дағы білім беру жүйесінде тәрбие жүргізудің қаншалықты әсер етуін алдын-ала болжап, білімгерлердің қарым-қатынас сферасын кеңейтуге, әлеуметтік мәдени конструкциялық үдерістерді дербес анықтап, коммуникативті тәрбие мәдениетін (құндылықтар жүйесі, иделдарды, нормаларды, шығармашылық салада өз дербестігі, байланыс орнату, келісуге, тәртіпке және түзетуге) қалыптастыруға бағыттайды.

Жоспарланған тәрбие үдерісінің әлеметтік ортаға тәрбие мазмұны мен тәсілдерін сәйкестігіне жағдай жасайды. Тәлімгер мен білімгердің өзара іс-әрекеттеріне негізделген жүйені қалыптастырады. Бұл өз кезегінде білімгерді еркіндік, жеке адамгершілік рухында тәрбиелеуді қалыптастырады.

Тұлғаның (білімгерлердің) интеллектуалды, аналитикалық ойлау қабілетін қалыптастыру

Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді дейді ақын М.Жұмабайұлы. олай болса білімгерлердің бірегей және тұтас жеке тұлға ретінде қарап, адам туралы білім кешенінде кең көлемді есеп жүргізуге бағыттайды. Тұлғаның өзара байланыстағы түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдерін қамтамасыз ету мен өзін-өз тану, дербестігін құру, өзін-өзі табысты көрсету үдерістер жүйесін қолдау, оның қайталанбас жеке тұлғалық дамыту арқылы білімдегі әдіснамалық байланыстарына көз жеткіздіру және ең абзалы оның әрекетшілдігінде екендігі туралы көрініс қалыптастыру.

Білім алушы білімгердің белсенді ойлау қызметін дамыту, әрбір істе аналитикалық зерделеу және қорытынды шығара білуді, осы заманға заманауи ғылыми дүниетанымға сыни баға беруді қалыптастыру. Ақыл –ой қабілеті мен білімге құмарлығын және тәрбиенің ең басты назарда ұстау керектігін ұғындыру.

Толеранттылық және гуманистік құндылықтар – «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып» деп басталатын басты құжатта Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік толеранттылық екені даусыз.

Қазақстан мемлекеті жаппай қырып жою қаруынан бас тартып әлемге гуманистік, демократиялық, және толеранттылық сипатымен дара елге айналғаны да анық. Айқын

көрініс ретінде еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісімді ту еткен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымының жұмыс істеуі.

Ел саясаты еліміздегі көптеген этностар мен мәдениеттер арасындағы этносаралық, конфессияаралық құрмет пен төзімділікті, өзара татулықты орнатуға, рухани-адамгершілік құндылықтардың ортақ жүйесін құруға бағытталған. Сонымен қатар Қазақстан - дінаралық келісім аумағы. Зайырлылық - мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры.

Сондай-ақ мемлекетіміздің мақсаты – адамзатты бейбітшілік пен гуманизмнің жаңа дәуіріне жетелеу, адамзатқа қызмет етіп, табиғи ортаны қорғайтын ғылыми жетістіктерге, инновациялар мен тиімді технологияларға негізделген, тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму жолындағы әділ, ұйымшыл, тәрбиелі тең құқылы қоғамды құру.

Басты міндетіміз – дағдарысқа адамның қадір-қасиетін, адамның құқығын, білім мен мәдениетке бәрінің бірдей қол жеткізуі, еркін ойлаудың, ұлттық және жаһандың бірегейлікте мемлекетшілдік идеяның төңірегінде білімгерлерге тәлім-тәрбиенің қажеттілігін жарнамалау.

Аксиологиялық көзқарас және салауатты өмір салты – XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінде жас буынға жеткізу барысында аксиологиялық/игілікті істі ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбие жолымен табиғи түрде түсіндіру қажет.

Сондай-ақ халқымыз «менмендік жігіттің соры, төменшік жігіттің қоры, кішіпейіл, кең жайлау жігіттің зоры» дегендей, кесек-кесек ойларын именбестен жеткізе алатын жастарды тәрбиелеп бәйгеге қосу.

Отанымызды қалтықсыз сүйетін жастарымыздың рухын шыңдау барысында Қазақ отбасының игілікті және өмірге салауатты көзқарасын кеңінен насихаттап, тәлімгермен білім алушының арасындағы диалогтан туындаған жеміс, рухани лаззат алатын ортаны қалыптастыру.

Университетіміздің тілегі – еліміздің игілігіне қызмет ету, сол арманға бірге қол жеткізу.